

## Алматы қаласы аумағында кең көлемдегі дератизацияның көктемгі және күзгі кезеңін ұйымдастыру және өткізу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы Әкімінің 2003 жылғы 4 наурыздағы N 1/135 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 14 наурызда N 518 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Алматы қаласы аппарат әкімінің 2005 жылғы 1 тамыздағы N 7-916СК/05 хаты.

"Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы N 361-11 Заңының 30 бабына сәйкес, Алматы қаласы аумағында сұр егеуқұйрықтардың көптеп қоныстануына байланысты және жұқпалы аурулардың тұрғындар арасында таралуының алдын алу мақсатында Алматы қаласының әкімшілігі **қаулы етеді:**

1. Алматы қаласы аумағында кең көлемдегі дератизацияның көктемгі кезеңін өткізу-2003 жылдың сәуір айына, күзгі кезеңін өткізу-2003 жылдың қазан айына белгіленсін.

2. Алматы қаласындағы аудандардың әкімдеріне кеміргіштерге қарсы дәрілеудің көктемгі және күзгі кезеңінде көшелерді, үй секторларын, тағам өндіретін кәсіпорындар мен мекемелер, коммуналдық нысандар, базарлар аумағын, жертөлелік және қоймалық жайларды санитариялық тазалау мен көркейту шараларын бір мезгілде өткізіп, қоқыс үйінділерін тасып әкету және қоқыс үйінділерінің пайда болуына жол бермеу міндеттелсін.

3. Меншік нысандарына қарамастан ұйым, мекеме және кәсіпорын басшылары кең көлемдегі дератизацияның көктемгі және күзгі кезеңін жүзеге асыру кезінде ғимараттар мен үй-жайларда дератизациялық шаралардың ұйымдастырылуы мен өткізілуін қамтамасыз етіп, оларды санитариялық-техникалық жағдайға келтірсін және үй-жайлардың егеуқұйрықтардан қорғалуын қамтамасыз етсін.

4. "Халықаралық Алматы Әуежайы" Ашық акционерлік қоғамы (Ыдырысов Т.А.), «"Алматыметроқұрылыс" Ашық акционерлік қоғамы (Үкшембаев М.Т.), Темір жолдың Алматы бөлімшесі (Агментаев С.Б.) және Алматы қаласы бойынша Ауыл шаруашылық министрлігінің аумақтық басқармасы (Ұлдарбеков Б.Ұ) ведомстволық кәсіпорындар мен мекемелерде дератизациялық жұмыстардың белгіленген мерзімде өткізілуін қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық басқармасы (В.Н. Шеянов) кең көлемдегі дератизацияның көктемгі және күзгі кезеңінің

ұйымдастырылуы мен өткізілу сапасына бақылауды қамтамасыз етіп, атқарылған жұмыс туралы есеп берсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.З. Мурзинге жүктелсін.

*А л м а т ы      қ а л а с ы н ы ң      Ә к і м і*

*Әкімшілік хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК